

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 маусымдағы N 764 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 21 қараша N 1502 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.15. N 523 қаулысымен. ~P020523

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Қылмыспен күрес жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 маусымдағы N 764

Р 0 1 0 7 6 4 _

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 20, 257-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қылмыспен күрес жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамында:

"Тоқаев - Қазақстан Республикасының
Қасымжомарт Кемелұлы Премьер-Министрі, комиссияның төрағасы"
деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қыдырбаев - Қазақстан Республикасы
Аманбек Райқұлұлы Премьер-Министрінің Кеңсесі
Қорғаныс және құқықтық тәртіп
бөлімінің меңгерушісі, хатшы";

"Комиссия мүшелері" деген бөлімдегі:

"Қыдырбаев - Қазақстан Республикасы
Аманбек Райқұлұлы Премьер-Министрінің Кеңсесі
Қорғаныс және құқықтық тәртіп
бөлімінің меңгерушісі"

деген жол алынып тасталсын;

көрсетілген құрамға мыналар енгізілсін:

Тілеубердин - Қазақстан Республикасының

Алтай Абылайұлы Премьер-Министрі Кеңсесінің
Басшысы

Бұлғақбаев - Қазақстан Республикасының Қаржы
Болатбек Ақылбайұлы полициясы агенттігінің төрағасы

Дүтбаев - Қазақстан Республикасының
Нартай Нұртайұлы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
төрағасының бірінші орынбасары
(келісім бойынша);

көрсетілген құрамнан Сергей Михайлович Кузьменко, Рахат Мұхтарұлы
Әлиев шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Жұманазарова А.Б.